

# РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ «БАС» ДРАМАСЫНДАҒЫ ЗАМАН БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Айзат Кадыралиева<sup>1</sup>, Меруерт Жақсылықова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық өнер университеті (Астана, Қазақстан)

<sup>2</sup>Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

**Аңдатпа.** Қазақ әдебиетінің сүйекті саласы – ұлттық драматургия қазіргі таңда жаңаша қарқынмен өрістеп келеді. ХХІ ғасыр драматургиясы өзіне дейінгі көркем шығармашылықтың қол жеткізген мұраларынан мол сусындай келе, заман талабына сай жаңашылдыққа деген ұмтылысымен ерекшеленіп отыр. Жиырма бірінші мыңжылдықтың алғашқы он жылдығында әдебиет пен өнер үдерісінде өнімді еңбек еткен қарымды қаламгер Рахымжан Отарбаев ұлттық драматургияның ғана емес, театр өнерінің дамуына ерекше үлес қосты. Отарбаев драматургиясының өзіндік болмысын байқататын басты артықшылығы бұрын көп қозғалмаған тақырыптарға батыл барған. Ол өз драмаларында қоғамдық-рухани кеселдерді және әлеуметтік мәселелерді жан-жақты көтерді. Сондықтан оның тарихи-әлеуметтік драмалық шығармалары еліміздің маңдайалды театрларының репертуарында жиі кездеседі. Зерттеудің мақсаты: «Бас» драмасын талдау негізінде Рахымжан Отарбаевтың заман бейнесін жеткізудегі драматургиялық шеберлігін және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі ізденістерін саралау. Міндеттері: өткен тарих пен бүгінгі заман арасындағы нәзік байланысты көрсете білген драматургтың суреткерлік шеберлігіне баға беру; сондай-ақ, аталмыш пьесаны постотаршылдық теория негізінде зерделей отырып, оның драматургиясына тән поэтикасы мен таным биігін, көркемдік әлемінің жасампаздық астарын ашу, сонымен қатар, қаламгердің драматургиялық тәсілдерін талдап, драма өнерін дамытудағы орны мен ролін бағалау. Зерттеу нәтижесінде қаламгер шығармашылығының, соның ішінде, драмалық туындыларының құндылық мәртебесі ашылып көрсетіледі. Автордың қазақ мәдениеті кеңістігіндегі құбылысын, даралық сипатын теориялық тұрғыда негіздеп, қазіргі постотаршылдық елдердегі драматургияның дамуы мен оның поэтикасын анықтайды. Ғылыми мақалада драматургтың «Бас» пьесасы өнертанушылық-театртанымдық зерттеу тәсілдерімен талданды.

**Түйін сөздер:** Рахымжан Отарбаев, драматургия, драма жанры, кейіпкерлер, тақырып пен идея, оқиға, тартыс, суреткерлік қолтаңба.

**Дәйексөз үшін:** Кадыралиева, Айзат, және Жақсылықова Меруерт. «Рахымжан Отарбаевтың «Бас» драмасындағы заман бейнесі және ұлттық құндылықтар». *Central Asian Journal of Art Studies*, т.9, №2, 2024, с. 156–174, DOI: 10.47940/cajas.v9i2.882

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдеді.

## Кіріспе

Қазіргі отандық ғылымда парадигмасы біртіндеп дамып келеді. Көптеген тарихи зерттеулер, философиялық, мәдениеттанушылық еңбектер жарық көрді. Әдебиеттануда да бірқатар жұмыстар атқарылды. Енді осы парадигманы өнертану ғылымдарына енгізуге көп талпыныс жасалып келеді. Аталмыш мақалада ұлттық драматургия мен театрлардағы өнер құбылыстарын постотаршылдық теориясы тұрғысынан қарастыруға деген талпыныс жасалып отыр.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары ұлттық драматургия да қазақ қоғамының өзекті мәселелерін көтерген шығармалармен толықты. Олардың көпшілігі театр сахналарына тікелей жол тартты десек қателеспейміз. Өз шығармашылықтарын кеңес заманында бастаған Әкім Тарази, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Сұлтанәлі Балғабаев, Баққожа Мұқай, Шерхан Мұртаза, Қалихан Ысқақ, Исраил Сапарбай, Талаптан Ахметжан, т.б. драматургтер өнер жолындағы қызметтерін тоқтатқан жоқ. Қазақ драматургиясы мен театр сахнасы арасында байланыс мәдени-рухани ізденістерге бастады. Дәл осы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі кезеңде драматургия мен театр саласында рухани еркіндік пайда болғаны жасырын емес. «Being an integral part of the world theatre, Kazakhstani theatrical art has been looking for its identity for a quarter of a century that passed since the country ceased to be a member of the Soviet Union. The country, being on the path of political and economic development, is now undergoing a cultural renaissance. Active government support is provided to the field of literature and art, which encourages cultural development and gives new opportunities to artists and creative intellectuals. Therefore, the search for new content and form is underway in all art forms» (Болдыков, Жаксылыкова,

513-530) деген пікірге қосылуға әбден болады. Осы ұлттық идея мәселесін және қоғамдағы айтулы өзгерістерді көркемдік тұрғыда қарастырған қаламгерлердің бірі Рахымжан Отарбаев. Себебі, әлемдегі түрлі оқиғалардың бүгінгі қоғамға әсері туралы драматург өз шығармалары арқылы жеткізе алды. Драматургия – шынайы өмірдегі оқиғалардың ең тұщымды иірімдерін жинақтай отырып, көрермен мен оқырманға қатар ұсынылатын әдебиет пен өнерді бірге арқалайтын шығармашылық өнер. Уақыт өткен сайын адам мен қоғам өзгеріп, одан туындайтын қақтығыстар да жаңаша белең ала береді. Зерттеуші ғалым былай дейді: «Өмірлік өткір конфликтілер – драмалық шығармалардың негізі» (Ордалиев 89). Ұлттық идеяны меңгеру жолындағы ізденісті Рахымжан Отарбаевтың «Бас» пьесасынан да байқаймыз.

Мақаланың негізгі міндеттері:

- Рахымжан Отарбаевтың драматургиялық-суреткерлік шеберлігін, өзіне тән қолтаңбасын анықтау;
- жазушы-драматургтің «Бас» драмасын постотаршылдық теория негізінде талдау арқылы оның драматургиясына тән поэтикасын, суреткерлік танымын, драма өнерін дамытуға қосқан үлесін саралау.

Кез келген драматург өзінің шығармасын оқу үшін емес, сахнаға қою үшін жазуы керек. Яғни, сахна өнері талаптарын бір бүйірінде сақтап отырып жазса, онда оның ғұмыры ұзақ болады. Мысалы, Уильям Шекспирдің барлық пьесаларында театр шарттары ескерілгендігі авторлық ремаркаларында айқын көрініп тұрады, өйткені, ол театрда жұмыс істеді, сахнаға не керек екенін жақсы білді. Бәрін көріп-біліп жүрген адамның ойы да, қаламы да ұшқыр келетіні рас. Театр қызметіне араласпаған авторлардың шығармасынан бір қадам алда жүрері белгілі. Сол сияқты, театрда ұзақ жыл қызмет еткен Рахымжан Отарбаев

та драма жазу стилінің барлық қыр-сырын толық меңгерген. Ол — қазақ әдебиетінің үлкен жазушылар тобындағы көрнекті қаламгер. Тек қана өзіміздің төл әдебиетпен шектелмей, орыс және шетел әдебиетіне көңіл бұрды. Бүгінгі қазақ қаламгерлерінің арасында оның есімін оқырмандар да, жазушылар да ерекше бағалайды. Өйткені, алдымен жазушының қолтаңбасы ешкімге ұқсамайтын дара екендігін ескерте кеткен жөн. Қаламгердің жазушылық білімін айқындайтын алтын өзегі әдебиет шеңберінде жатса да, онымен шектеліп қалмай, театрдың ұстанымдарын ескере отырып өз шығармаларының желісін терең тартысқа құра білді. Драматург шындық болмысының суретін жанды етіп көрсету арқылы өзінің көзқарасын нақты білдірітіп отырады. Қоғам өмірінің ең маңызды жақтарын алып, оны терең бейнелерімен кең түрде суреттеген шығарманы көркем шығарманың биік шыңы деп есептейді.

## Әдістер

Зерттеуде Рахымжан Отарбаевтың 2013 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Айна-ғұмыр» жинағындағы «Бас» драма мәтіні негізге алынды. Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қарай театртанушылық-өнертанушылық талдау жасалып, сипаттау және жинақтау, салыстырмалы және сыни талдау әдістері қолданылды. Драматургиялық талдау негізінде пьесаның саяси-философиялық астары мен көркемдік тұтастығын дәлелдеу көзделеді. Құрылымдық талдау принциптерін қолдана отырып, пьесадағы кейіпкер мінезін ашу, олардың ерекшеліктерімен бірге әлеуметтік, дәстүрлі ментальдік мәселелерін тануға көңіл бөлінді. Осылайша, драманың тақырыптық-идеялық, көркем-эстетикалық құндылығына назар аударатырып, бейнелердің шынайылығы мен жасампаздығына баға берілді. Постотаршылдық теория тұрғысынан

тарихи тұлғалардың сахналық модификациясы сараланды.

Зерттеудің ғылыми-теориялық негізі ретінде әдебиеттанушы, театртанушы ғалымдардың, олардың ішінде Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» (2002), Рымғали Нұрғалидың «Драма өнері» (2001), Сейділда Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очеркі» (1964), Әшірбек Сығайдың «Театр тағлымы» (2003), Анар Қабылқактың «Рахымжанның көз жасы» (2019), Сұраған Рахметұлының ««Бас» романының басты мазмұндарына шолу» (2015), Риза Әлмұханның «Бас және намыс» (2020), т.б. еңбектеріндегі ой-тұжырымдарына сүйендік. Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы жайында кеңінен қарастырылған Зейнолла Қабдолов пен Рымғали Нұрғалидың зерттеулері басты назарға алынып, мақаланың терминдік-дефинициялық өзегіне арқау болды. Әсіресе, жанр табиғатына қажетті сипаттарды нақтылауда Рымғали Нұрғалидың еңбектеріне сүйендік. Ал, тәуелсіздікке қол жеткізген және ХХІ ғасыр басындағы драматургияның дамуы, соның ішінде біз қарастырып отырған автордың драмалары жайында талдау-талқылау жасалған үлкен еңбек ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бір топ ғалымдары шығарған «Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991 — 2016 жж.)» атты монографиясында жекелеген авторлардың жазушылық көркемдік-эстетикалық лабораторияларына баға беріледі. Жоғарыда атап өткеніміздей, драманың құны оның театр сахнасына қойылуымен құнды, сондықтан, зерттеу мақсатына орай, театртанушы ғалымдардың жұмыстары да зерттеу барысында қолданылды.

Тақырып аясында Рахымжан Отарбаевтың «Бас» пьесасынан үзінділер келтірілді. Сонымен қатар, жазушы-драматургтер Әкім Тарази, Елен

Әлімжан, Иран-Ғайыптың пьесалары қажетінше қолданылып, салыстырмалы талдау жасауға негіз болды.

## Талқылау

Рахымжан Отарбаевтың драматургиясы мен әңгімелерін бір-бірімен салыстырып, бірі екіншісі бірінен озық немесе кем жазылған деп қарауға болмайды. Әңгімелері бір кездегі орыстың әйгілі жазушысы Антон Чеховтың әңгімелері сияқты дүниені дүбірге бөлесе, драматургиясы да одан еш кем түспейді. Ал, «Бас» деп аталатын пьесаның өзі неге тұрады? Махамбеттен бастап әлем елдеріндегі үлкен белді деген мұсылман тұлғалардың басынан өткерген тарихи тағдыры сөз болады. Драматург осы «Бас» драмасына қайта келіп, 2016 жылы екінші нұсқасын жазып шығады. Ұсақ тірлігіне шүйлігіп, шалажансар дүниелер тудыруға қарсы болған автор, өмірдегі әртүрлі мәселелерді тағы да елеп-екшеп шығармаға едәуір тың дүниелерді қосады. Бір шығармаға бірнеше рет оралып, оны әлденеше рет өңдеу жұмыстарын әлем әдебиетіндегі көптеген жазушылардың тәжірибесінен көруге болады. Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің өзі «Еңлік-Кебек» трагедиясының бірнеше нұсқасын жазған-ды, «Айман-Шолпан» комедиясы да қайта жазылып шықты. «Қараш-қараш» повесіне сапалы өзгерістер енгізді, «Қарагөз» пьесасын екінші рет қолға алғанда драматургиялық ситуациялары өзгеріп, тереңдетілген еңбек дүниеге келді. Міне, Мұхтар Әуезов драматургияның қатаң талаптарына жауап берерлік сахналық шығарма жасап шығаруға көп күш жұмсаған суреткер.

«Бас» драмасы — екі бөлімді, төрт көріністі пьеса. Махамбеттің рухына арнап роман, драма жазу арқылы автор алдына қойған мақсатына жетуде көркемдік-мазмұндық тұрғыдан ұтқырлық көрсетеді. Драматург өз шығармаларында

адам, қоғам және болашақ мәселелерін алға тартып, жалпыадамзатқа тән келелі ойларды қозғаған. Адам дегеніміз, кешегі бабалар мен батырлар, анығын айтқанда, Рахымжан Отарбаев қаламынан туған Бейбарыс, Махамбет, Мұстафа, Темірбек, Әміре, Мұқағали сияқты тұлғалар. Ал, қоғам дегеніміз — сол ата-бабалар өмір сүрген кезең, уақыт, орта. Ал, болашақ — келер ұрпақтың таным-түйсігі. Осы үш өзек — әр шығармасын оқыған жанның санасына рухтың дәнін себеді. Қазақ халқының рухани өзегінің әлсіздігі мен мәдени мүгедектігін түрлі көріністермен суреттеген қаламгердің пьесалар циклының ішіндегі көркемдік шоқтығы биік драмаларының бірегейі — «Бас».

Драма арқауы — әрекет. Эпос пен лирикаға қарағанда драманың жүгі тым ауыр. «Драмадағы ең шешуші түс — тартыс. Көлемді эпикалық шығарманың сюжеті секілді, драмадағы тартыстың да кезең-кезеңдері — басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі болады; драматургиялық шығармалардың классикалық үлгілерінде бұл кезеңдер композициялық жағынан шебер қиыстырылып, оқиганы өрбіту тәртібі жазылмаған заң ретінде қатаң сақталған» (Қабдолов, 2002: 328), — деп Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» кітабында жан-жақты зерттеген. Әдебиет саласында жүрген жазушыларға драманың жанрлық сырын терең түсіну үшін сөз өнерінің табиғатын тануы аздық етеді. Бұл туралы театртанушы Бағыбек Құндақбайұлы «Заман және театр өнері» монографиясында «Пьеса жазумен айналысатын жазушының театр заңдылықтарымен жете таныс болуы шарт» (26), — деп жазады. Олай болса, драмалық шығармалардың теориялық қағидаларын, синтетикалық сипатын өнердің басқа түрлерімен салыстырмалы түрде қарау талап етіледі. Драматургтің батыл көтерген мәселесімен бірге тақырыпты тартысқа құра отырып тарқата білгендігі және

ішкі композициясының беріктігі талдау нысанына «Бас» шығармасын алуымызға себеп болды. Басқа драматургтердің пьесаларын оқығанда, көп жағдайда оқиғаның қалай өрбитіндігін және оқиғаның қалай аяқталарын болжап отыруға болады. Мұндайда, оқиға желісінің мазмұны қалай өрбитіндігін білу сабыр сақтап шығарманың соңына дейін жетуде қиындық тудырады. Ал, қаламгердің осы «Бас» драмасында сюжет қақтығысының берілу тәсілі жақсы қарастырылған.

«Бас» пьесасында «Алаш Бассыз қалмасын...» деген ізгі идеяны берік ұстана отырып, замандастар тап болған өмір құбылыстарын тарихи аспектіде қарастырады. Ұлттық рухтың жаршысы Махамбет ақынның қадірлі басы айдаладағы қу бас құрлы қадірі қалмаған кезеңге тап болған кезі суреттеледі. Әртүрлі пьесаларда Махамбеттің өмірі мен батырлық тарихы жазылып келсе, талдауға алынған шығармада ақынның кесілген басы жөнінде әңгіме өрбиді. Махамбет өмір сүрген заман мен бүгінгі уақыттағы жауынгер ақынның қадір-қасиетінің қаншалықты салмақты екендігіне назар аударылған. Қазақ түсінігінде бас — символикалық тұрғыдан билікті, еркіндікті білдіретін ұғым. Бассыз қалу деген сөз еркіндіктен айырылумен бірдей. Драма желісі бойынша Мәскеуден білім алған Ноэль есімді антрополог ғалым Махамбеттің қабірін қазады. Автор мұнда Махамбеттің басын ғана емес, қазақ баласына біткен кесек мінезін, асқақ рухын іздейді. Алғашында ақынның басынан бас тартқан оқиғаның артынан жоғалған басты тапқан адамға миллион доллар қаражат берілетіндігін естігендегі пенденің іс-әрекеттері арқылы оның мінін, кемшіліктерін ашып көрсетеді.

Драмада айтылатын бас ол — Махамбет Өтемісұлына тиесілі. Рахымжан мен Махамбеттің арасында екі-үш ғасыр өтті. Соған қарамастан Рахымжан Махамбеттің дәуірін бүгінгі адамның көзқарасымен шебер

қиюластырады. Себебі, Кенесары, Кейкі батырдың басын айтпағанда, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан... т.б. қаншама қадірлі тұлғалардың басынан айрылып қалдық, қаншама қоғамды басқарар, өзгерістер лып келе алатын «бастан» көз жазып қалдық. Сол бастардың төлемі бүгінгі ұрпақтың болашағы үшін маңызды. Бір ғана Махамбеттің басы арқылы ұлттық құндылықтарымыздың күн санап жоғалып бара жатқандығын баса айтып отыр.

Төрт бөлімнен тұратын пьесаның әр бөлігі кесек-кесек ауыр ойды арқалап тұр. «Қазақ тұрғанда иықта басы тұратын ба еді» деген сөйлемді бірінші бөлімнен оқығанда өне бойынды сең соққандай болады. Пьесаның экспозициясы Мәскеуге кетер алдында Махамбеттің бас сүйегін қалпына келтірген антрополог Ноэль Шаяхметовтің шеберханасынан басталады. Жай бір жануардың емес, білдей Махамбеттің басы болғандықтан күндіз-түні жөндеу ісімен айналысқан Ноэль драманың басында ғана көрінеді. Сондықтан, оны шығарманың өн бойында жүрген көркем бейне деп айта алмаймыз. Сөзімізге дәлел болу үшін Сұраған Рахметұлының ««Бас» романының басты мазмұндарына шолу» деген мақаласында: «Бейнетқор кейіпкер Ноэль көркем бейне емес, басқа бір психологиялық арнадағы кейіпкер. Көзбен көруге, қолмен ұстауға келмейтін ішкі ағым. Әбден титтықтаған ғалымның көне мен ежелгі-ескінің аражігіндегі өтпелі ғұмыры өрімделіп жатыр» («Бас» романының басты мазмұндарына шолу). Десек те, Ноэль батырдың бас сүйегін қазып алып, мүсін жасауымен оқиғаның байланысуына, шиеленісуіне тікелей себепкер болып тұрған кейіпкер. Басында жалт етіп, Махамбеттің ақындығын, турашылдығын, бірбеткейлігін жарты ауыз сөзіне сиғызған Ноэль арқылы қазір күрделі көріністердің куәгері боларынды сезесің.

«Бас» драмадан бұрын роман болып

жазылған шығарма. Тереңдетіліп көрсетілген роман мазмұны Махамбет Өтемісұлының денесі жерленген жерге антрополог Ноэль Шаяхметовтың ауылдағы Құрақ қартпен бірге келіп, қабірін ашқанда, басы мен денесінің бір деңгейде жатпағанын көру сәтінен басталады. «...Кенсайда жатсаң ше? Жо-жооқ, Маха, ол саған жараспайды. Әрі шабылған баспен олардың арасында кіре алмайсың» (Отарбаев 130) деп, қолға алған ісін сараптай отырып, ақынның ажалы екі адамнан келгенін кесіп айтады. Кесілген бастың кесірі бізге сонау арғы заманның өзінде бас-басымызға кеткен берекесіздігімізді айғақтайды. Қалың жауға қарсы тұрған ер батырды екі қылыштың бастан шабуы да біз үшін ұмытылмайтын қасіреттің бірі. Ноэль осылай үлкен үмітпен ел ісіне адал еңбек етті. Бірақ, өкінішке қарай, негізгі жұмысын абыроймен атқарса да, оны аманаттап кететін есті адам таппай аласұрады. Амалы құрыған антрополог ақыр соңында қарауыл Дәуренге (жас жігітке) табыстап, өзі Мәскеуге кете барады. Өзі қазып алған Махамбеттің басының айдалада қалып бара жатқаны оны қатты қапаландырады. Романда «Қараой қалып барады, бізді үмітті көзбен ұзатқан қарт Құрақ...» деген сөзі жандүниені астаң-кестең етеді. Бұған дейін Ноэльдің күрек ізі мен ісі тылсым күштерге түзілген. Мәселен: «Әй, Ноэль, мені Алматыға лақтырып кету үшін көрімнен қазып алдың ба? Бұл не сұмдығың?» – деп, ренішін жеткізген сөздерінен түсінеміз. Роман мен драмадағы бас сүйек – қатардағы жай кейіпкерге тиесілі емес екендігі оқырманға анық. Ол бастың иесі ұлы денесімен бірге көрінбесе де, елес мотивінің қызметін жақсы атқарған. Ал, әлем әдебиетінде елестердің кезіп жүруі жиі кездеседі. Қоғам дамуы үшін әдебиет пен мифтің орны ерекше, себебі көркем шығармалар әлі күнге дейін біздің интеллектуалды әлемімізге ықпал ете бермек. Мысалы, батырдың

бас сүйегі кез келген адаммен «сөйлесе бермейтіндігіне» де назар аудару керек. Демек, ол адам таңдайды. Қаңқа антропологқа: «Ой арқалап болдың ба, балам?... Оқиғаның жалғасын өзгеден емес, өзімнен тыңда» дейді. Бұл – аруаққа айналған батырдың «сөйлесуге» адам таңдағанының белгісі.

Сонымен қатар, «Оян, ботам!» деп, ол қала әкімі Имашқа да аян береді. Бұл екі кейіпкерге яғни Ноэль мен Имашқа батырдың аян беруі, түсіне кіруі жазушының да таңдауы. Антропологтың батыр үшін сіңірген ғылыми еңбегі болса, Имаш – қала әкімі, екеуі де ұлттық құндылықтың қадірін жете түсінген жандар деген таңдау. Әдебиеттанушылардың еңбектерінде көркем туындыдағы елестің, түстің ақпараттық, символдық, психологиялық тағы сол сияқты маңызды көркемдік қызметтер атқаратыны әртүрлі талданады. Сол сияқты, бас сүйекке тіл бітуі қазақ әдебиетінде де бар. Мысалы, кеңестік кезеңде жазылған Төлен Әбдікұлының «Бас сүйек» шығармасындағы антрополог Хамиттің қолындағы Жаубөрі батырдың басы. Бұл шығарманың идеясы Хамиттің ішкі ойын, толғанысын жеткізу болған.

Елес көру, аруақпен сөйлесу, аян беру, түсті жору – тек біздің ғана емес, әлем әдебиетінде кеңінен дамыған. Олардың атқарар қызметі белгілі бір дәрежеде айқындалған көркемдік тәсіл деп тұжырымдаймыз. Бұл мақаланың гипотезасы қазақ және ағылшын жазушыларының шығармаларында елестің, түс көрудің, түске енудің рөлі, кейіпкерлердің ішкі күйзелісін көрсету, жан арпалысын ашу мақсатта қолданылған. Бұл сөзімізге дәлел ретінде «Көркем шығарма құрылымындағы түс көру мистикалық мотив ретінде» атты мақалада: «Түс көру тәсілінің мифологиялық және ақпараттық қызметтерімен қатар кейіпкердің ішкі жан дүниесімен байланысты психологиялық процестерді көрсететін

функциясы да бар» дейді авторлар (Мусабекова, Аймұхамбет, Мырзахметов 166). Көңіл аударуға тұрарлық басты нәрсе Рахымжан Отарбаевтың «Бас» шығармасындағы бас сүйегінің белсенділігі «сөйлеуі» бар шындықты жеткізуге едәуір қызмет етеді. Ал, шындықты жеткізу үшін Махамбеттің бас сүйегі о дүние мен бұ дүниенің арасындағы байланысты бекіте түсуі, шығарманың басты мақсатына айналып отыр. Бұл мақсатқа жетуде драматург адамның елестерді көретіні де, түске сенетіні де мифтік сананың ықпалы бар екенін яғни халықтың наным-сенімін көркемдік тәсіл арқылы көрсете алған. Жалпы, әр түрлі сезімдік сәттерін беруде кейбір драматургтердің шеберліктері жетіспей жатады. Бірақ, бұл кешірімді, өйткені өсіп-өніп келе жатқан кез келген өнерде орын алатын олқылықтар. Рахымжан сол олқылықтардың бірі құрғақ баяндаушылықтан бас тартып, кейіпкерлердің жан дүниесіне енеді.

Қазақ қаламгерлері мистикалық элемент болып табылатын елестерді (аруаққа сену) шығармаларына енгізе бастады. Күші жетпеген адамының басын шабу қазақ тарихында ғана емес, дүниежүзі тарихында жиі ұшырасады.

Бастың құндылығы жөнінде филология ғылымдарының докторы Риза Әлмұханның «Бас және намыс» мақаласында: «Бастың қадірлі болуы мифтік санамен де байланысты. Егер шартты түрде адамның денесін мифтік ағашпен салыстыратын болсақ, бас — жоғарғы әлем. Адамның миы космоспен байланысты. Космоспен байланысты айтпағанның өзінде, бұл мүше денеде орналасу жағынан да маңызды. Қазақ басын изеп, амандасу ишарасын жасаған адамды жақсы көреді. Өйткені, ол жоғары бөлік — басын іді. Мәртебелі басын іді» («Бас» және намыс) деп ой қорытуы да орынды тұжырым. Сонымен қатар, әдебиеттанушы Анар Қабылқақтың: «Расында да, шығармада бастан-аяқ өткеннің елесі кезіп жүр

десе де болады. Мұндағы елестер бұрмаланған тарихты қалпына келтірудің дәнекері іспетті көрініс береді. Ноэльдiң сырласы — Махамбеттің елесі. Ноэльдiң аңсарлы арманына үздіксіз жетелейтін Һәм жеткізетін де — Махамбеттің асқақ рухы. Ол ылғи да ғалыммен бірге. Аяғынан шалғысы келгендерді Ноэль сол қасиетті ұлы рухтың мысымен басады» (99) деп жазуы Рахымжан Отарбаевтың «Бас» шығармасында мифтік сананы қабылдаудың жолында ғылыми түсінік бар деген сөз. Зерттеушілердің еңбегіне сүйенсек, елесті кейіпкерлер композициялық элемент ретінде мынадай функцияларды атқарады: болған жайтқа баға беру; қаһармандардың хал-күйін сипаттау; шығарманың идеялық мазмұнын түсіндіру. Яғни, кей жағдайда көркем шығармада елес мотиві динамикалық болып келгенімен, тұтасымен сюжеттік желіні құрап жатады. Роман сюжетіне елесті енгізу арқылы жазушы екі әлемнің — бұ дүние мен о дүние хабарын бергені түсінікті. Мұның себебі, жазушы елесті кейіпкерлерді сомдау үшін ғана қолданған жоқ, оның астарында адам жаны өлмейді, рух мәңгілік деген халықтың фольклорлық шығармалар үлгісін пайдаланған.

Қарымды қаламгердің «Бас» драмасы алдымен роман болып жазылғандықтан, оған аз-кем тоқталуды жөн санадық. Өйткені, бүгінгі қоғамның сан алуан рухани-мәдени мәселелері қазақ драматургиясының да өзекті тақырыптарына айналған. Жерін қорғаған халық қаһармандарын (хан, би, жырау, батыр), үлкен қоғамдық дертке айналған кертартпа өкілдерін (нашақор, жезөкше, маскүнем, таққұмар, жемқор), мистикалық (аруақ, рух, елес, жын, пері), тіпті діни-мифологиялық (періште, пайғамбар, Қыдыр) бейнелерді де кездестіруге болады. Тұйыққа тірелген, қысылтаяң жағдайда сананың бітеу көздері ашылып, тірілердің өлгендермен еркін тілдесіп жүруі, тағдыр,

кие ұғымдарының жандануы сияқты мистикалық тәсілдердің де өз орны бар екенін паш ететін туындылар бар. Яғни, драматургтер шығарма арасына шағын мифтік-этнографиялық детальдерді қосу арқылы кейіпкердің жай-күйін сипаттауға ден қойды. Бұған «Рух-Қамқоршы» деген анықтамаға сәйкес жазылған дүниелерден екі-үш мысал келтірейік. Айталық, Елен Әлімжанның «Төле би» атты екі бөлімді драмасында Төле бидің: «...Қасиетті Әйтекем о дүниелік болып кетті. Халқым менің аузыма қарайды. Ал, мен кімге қараймын? Қанаты сынған құс болдым ғой мен. Менің күнім мынау, халқымның күйі анау? Не істеймін? Уа, аруақтар, тіл қатсаңдаршы» деп жаны күйзеліп тұрғанда «Таусылма, Төле би! Торықпа! Көтер еңсенді» деп шыққан Әйтеке бидің рухы, шығармаға арқау болған талас-тартыстың күшеюіне түрткі болады. Иран-Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?» ревиюінің соңында Абай: «Үңіліп те, Түңіліп те болдым, шамасы. Мен ішпеген у қалды ма қу тірлікте?» деп түңілгенде, ақ киген Ажал кейпіндегі әкесі Құнанбайдың елесі пайда болып: «Татар – балы, Ішер – Уы таусылған. Тірлік те, тәйірі, тірлік пе!...» (675) деп ары қарай сөзін жалғастырып баласы Абайды соңынан ертіп кетеді. Әкім Таразидің «Махамбет» фарс-трагедиясында ерлікпен қаза тапқан шейіттер Өліктер ретінде көрсетіледі. Өліктердің бірі: «Жерім қайда, Махамбет? Елім қайда, Махамбет? Еділ үшін егескен жоқ па едік?! Жайық үшін жан беріскен жоқ па едік?! Жерім, Елім қайда, Махамбет?!» дегенде, есі кіресілі-шығасылы теңселіп тұрған ер Махамбет: «Менен несін сұрайсың, жарықтық?» дейді. Сонда, жабырқап жалғыз тұрғанын байқаған Өлік: «Ия, сенен несін сұрайын! Еділ үшін егескен, Жайық үшін жан беріскен сенің жүрегің еді ғой, Махамбет! Жүрегің!» деп, жанкешті ерлік жасаған батырдың сол уақыттағы көңіл-күйін тап басады. Ал, әлем драматургі Шекспирдің атақты «Гамлет» трагедиясында да таңда

әкесі келіп, баласына өз ажалымен емес, біреудің қолынан өлгенін естіртеді. Дәл осы сияқты, «елесті», «рухты» оқиғаның не басталуына, не дамуына, не аяқталуына қосып, мазмұнды тереңдетуге мән берген басқа да драматургтердің пьесаларынан мысал келтіре беруге болады. Біз бұл жерде әр драматургтің өзінің білім-түйсігіне қарай әртүрлі тәсілді қолданатындығын көрсеткіміз келеді. Жалпы, эпизодтық көріністе болса да, «елес» мотиві өмірде болған тарихи тұлғалардың сипатын толықтыруға қызмет етіп тұр. Ең бастысы, кейіпкер образын ашу жолындағы қым-қиғаш қақтығыстардың өрістеп дамуына көңіл бөлу.

Драматургия табиғатын терең зерттеген Рымғали Нұрғалидың: «Трагедияның ең басты ерекшелігі трагедиялық тартыста көрінеді. Трагедиялық конфликт кейіпкердің тартқан азабы мен өліміне де сабақтас. Ал, трагедиялық тартыстың өзегі элеуметтік-тарихи, қоғамдық-саяси қабырғалы күштердің шайқасында жатыр. Бұл қақтығыста кең құлаш, қоғамдық мағына, философиялық тереңдік бар» (260) деген пікірі жоғарыда айтылған сөзімізге дәлел.

Антрополог Ноэль бас сүйекті Республикалық мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының басшысы Ықылас Төлеевичке алып келуімен жағдай өзгеріп сала берген. «Қазақ халқының ұлы мақтанышы» деп, арындап тұрған Ықылас Төлеевич антропологтың басты осы мекемеге тапсырғалы келіп тұрғанын білген сәтте бірден «қу бас жинайтын орын емес бұл» деп ат тонын ала қашады. Кейіпкердің көтеріліс көсемінің басынан сонша шошып, оны алып қалудан қашуы оның адамгершіліктен жүрдай, ақылы таяз адам екендігінен айғақтайды. Әр уақытта да өнерді келеке қылған, ғылымға мұрнын шүйіре қараған жандайшаптар өмір сүрген. Әйтпесе, Ноэльдiң «Махамбет жайлы ақылдаса



келгем» дегеніне министр Баймағамбет «Ә, әне біреу екен ғой. Қай басқармада істейтін еді?» демес еді. Осы диалогтағы сарказмды оқи отырып, жүзіңе ызалы күлкі үйіріледі. Өз көлеңкесінен өздері қорқып жүретін Мәдениет министрі Баймағамбет Айшуақович те, институт басшысы Қайыпқали Есимович те ірілі-ұсақ қулықтан жем іздеген бақай есептер. Олардың өз араларындағы әңгімелері арқылы қоғамдағы әділетсіздікпен бетпе-бет келесің. Ықыластың: «тыптыныш жатқан көрден қу басты қазып алып...» деп, мазасы кеткені соншалық, бастан құтылу үшін институт басшысы Қайыпқалиға тездетіп тапсырғысы келеді. Докторлығын осы Махамбеттің поэзиясынан қорғаса да, «бұл қу бастың әдебиет пен өнерге қандай қатысы бар? Тіпті еш қатысы жоқ қой» деп, сол өлеңдер тасқын судай ағылып шыққан басты қорғаудан Қайыпқали да тұра қашады. «Қу бас, қу бас» деп Махамбеттің басының төңірегінде өрбіген кейіпкерлердің дертті мінездеріне, керітартпа пейілдеріне куә боламыз.

Белгілі сыншы Әшірбек Сығайдың: «Драматургия – қым-қиғаш интрига. Арбасқан сөздер, арпалысқан мінездер, мың құбылған қас-қабак пен жан берісіп, жан алысқан әрекетті сөз, қара тасты қақ айырар отты да өткір тіл» (3) деген пікіріне қосылар болсақ, шығармада бас сүйектен үрке қашқан кейіпкерлер тартыс үстінде ерекшелене түседі. Драмадағы тартыстың мәнін жете зерттеген француз театр маманы Патрис Пави «Театр туралы сөздігінде»: «Драмалық тартыс драманың антогонистік күштерінің қақтығысынан туындайды. Тартыста кейіпкерлер, көзқарастар немесе белгілі бір жағдайдағы әр түрлі позициялар бір-біріне қарсы тұрады» (187) – деген. Пьесада негізгі тартыс мінездердің сан құбылуынан көрінеді. Халықтың қамын емес өзінің қара басын ойлаған шенеуніктердің жан түршігерлік сөздерінен шошисың.

Сондай адамдардың тоғышарлық әрекеттері арқылы автор өзін толғантқан мәселелерді көркемдікпен жеткізеді. «Тұлғалардың» табиғатын мүсіндеу барысында Рахымжан, айналасындағы жағымпаздық, екіжүзділік, өтірік белсенділік, алаяқтық – осы алуандас келеңсіз тұстарды мансұқ етуі, оны сахна элементтеріне сай көрсете алуы драма үшін негізі міндеттерінің бірегейі деп білеміз. ХХІ ғасырдың оқырманы Махамбетке қатысты мәліметтерді жақсы біледі. «Басты» оқығанда, ғалым Қайыппен қала әкімі туралы ойланып қалары хақ, ойланғанда, оқырман санасына зерттеулерден белгілі ақпараттар мен драматургтің еркіндігі туралы ойлар қатар салыстырылып отырады.

Аталмыш драмада кейіпкерлердің арасында ұзын-сонар әңгіме жоқ. Диалогтардан тынымсыз әрекет, мінез ашуға мұрындық болатын ерекшеліктер бар. Драмалық тартыс осылайша жедел басталып, өткір дами түседі. Шындықтан шалғай кеткен мекеме басшыларының өзара шиеленістері күңгірт жатқан көп жәйттердің бетін ашады. Екінші бөлімде бастың жоқтаушысы Құрақ шалдың жазған хатынан жоғары билік басындағылар Махамбеттің басына іздеу салуы – драматургияның одан ары ширыға, шиеленісе түсуіне үлкен себеп болады. Әсіресе, автор іс-түссіз жоғалған басқа іздеу салумен бірге қомақты ақшалай сыйлықтың тігілгенін шығармаға сәтті пайдаланған. Осы тұста Гүлжахан Орда ұжымдық монографияда «Осымен Махамбет Өтемісұлының басына екі рет ақша тігілген екен. Бірі – тірісінде жоғалту үшін, екіншісі – жоғалған басты табу үшін. Парадокс!» деп кестелей келе, «Бас табылған соң, бір кезде керек етпеген әкім Қарауылқожа сол бастың арқасында депутаттық мандатқа түспек болса, жүз мың долларды министр мен ғалымдар бөліп алып, бірі зираттың басында баяндама жасап, академик болуға, енді бірі ешкім білмейтін құпия

қадір-қасиетін санамалап беруге, бірі асыра мақтап ақынмен бірге өз дақпыртын асыруға асығуда» (Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер, 86) деген ой түйеді. Бұл ойдан Махамбеттің заманында болған сатқындар осы заманда да бар екенін айғақтайды. Махамбеттің атын жамылып атақ-даңққа ұмтылғандар арқылы оқиғаның шарықтауында шала сауаттылықтың, таққұмарлықтың бояуы қоюлана түседі.

«Әй, мен саған басты дорбасымен қабылдап ал дедім ғой» деп бұлқан-талқан болған Баймағамбетке Ықылас: «... мен Қайыпқали Есимовичке ақынның аяулы басын өзі басқаратын институтына қабылдап ал деп ұсындым. Бірақ ол кісі өз басын алып қашты» деген сөзінен басында бір-бірін жақтап отырғандар, енді құздан құлатуға жақын тұрғандарын аңғару қиын емес. Баймағамбет: «Әй, Өтемісовтің өлеңдерін тарихи фактілермен қоса зерттеп, кітап жазып жүрген сендер емессіңдер ме?» дегенде, Қайыпқали сонда да қоймай: «Ол — поэзия. Ал бұл көрден шыққан қу сүйек. Біз тек өлеңдерін зерттейміз, болды» деп, өзінше өзеуреуі кісіні мұңға батырады. Алтын бастың қадірін білмегендердің доп етіп ойнап отырғанына ішің удай ашып отырады. Автор адам бойындағы гуманистік құндылықтың әлсірегенін осы бір сөйлемдер арқылы жеткізеді. Осы тұста айта кететін бір жайт бар. «Бас» шығармасында тарихта болған оқиғалардың ізі сайрап жатыр, автордың бұл тақырыпты жан-жақты зерттегені әрбір сөзінен көрінеді. Оған қоса оқырманды ойлантып та тастайтын тұстары бар. Махамбеттің бас сүйегі арқылы оның рухын сездірген және Махамбет зиратының қайда орналасқанына жол сілтеп, жөн көрсеткен Құрақ ақсақал да, антрополог Ноэль Шаяхметов те өмірде болған адамдар. Ал, Мәдениет және білім министрі, әдебиетші ғалым Қайып, қала әкімі Имаш — бәрі тарихта болған

адамдар екенін драматург меңзеу арқылы танытқан. Біздің замандастар кейіпкерлерге жүктелген қызметтері арқылы танып, олардың прототипін бірден түсіне қояды.

Енді Қайып деген кім?! Бұл сұраққа Риза Әлмұхан «Бас және намыс» мақаласында былай жауап береді: «Қайып деген кейіпкердің прототипі Ғылым академиясының академигі, Махамбет поэзиясын зерттеп қана қоймай, ақын Тайыр Жароковпен бірге еліміздің батыс аймағына барып, халық батырының зиратын іздеуге атсалысқан Қажым Жұмалиев екенін ғылыми орта сезіп отырады. «Махамбеттануда көп еңбек еткен академикті жазушы қалайша жағымсыз күйге түсірді? Неге?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл орайда жазушының өз ойы — Қайып арқылы кеңестік саясаттың қазақтың ұлттық мәдениетіне, ұлттық мұратына тежеу салғанын жеткізу ойымен оны жинақталған /типтендірілген/ бейне етіп сомдау» («Бас» және намыс) деп өз ойын ашық білдірген. Жазушы Қажымғали Жұмалиевке ұқсас драмада Қайыпқали Есимович деген атты таңдап алуының себебі — осы. Драма бойынша Баймағамбет — министр, Ықылас — басшы. Осы екі кейіпкерді қосарландыру арқылы қазіргі заман көрінісін нақты бейнелеуінде. Әйтсе де, драматург оларды бүгінгі күннің кейіпкерлері етіп алса да, екеуін де жағымсыз бейнеде суреттеген. Халық батырына опасыздық жасаған сатқын адамдардың есімдері сол сипатта әшкере болсын деген автордың түпкі ойы болғанға ұқсайды. Кезінде Махамбеттің өліміне себепші болған байлар мен манаптардың аты-жөнін дәл сол күйі өзгертпей бүгінгі күнгі шенеуніктер мен атқамінерлердің атын атаған. Исатай есімін бүгінгінің оппозиция мүшесіне жатқызған. Екі дәуір адамдарының мінез-құлқы мен болмысынан ұқсастықтар іздеген. Бірақ, бүгінгінің Махамбеті — мүлде бөлек, маскүнем ақын.

Драмаға күлкілі тұстарды да драматург

сәтті кірістіре білген. Баймағамбеттің «Әй, қызғыш құс, қызғыш құсты», «Әй, құзғындар, құзғындар» деген жаны торыққанда ақын Махамбет» деп, бастың қай қайыршының қолында кетті екен деп қайғырған сыңай танытқаны, бастың бәрі бірдей деп бір басты орап әкеле салған Дүрияның қылығы езу тартқызады. Бұл сәті күлкілі болғанымен, оның астары тереңде. Біз неге күлеміз? Мақсатқа жету жолында турашылдықтан таю, сөз бен істің сәйкес келмеуі, қоғамға лайықсыз мінез көрсету, тақта отырғандардың далбаса тірлігі, оларға жағынатын екіжүзділердің есерсоқ ісі — осы секілді күлкі тудырап себептер көп. Қоғамда болып жатқан осындай жағдаяттарды автор юморлық тәсілдермен жақсы бере білді. Басты көргеннен көріне қайта апар деп тұра қашқан үшеуі енді сол қу басты қалайда тауып алуға деген жанталасы, көрінгеннен көмек тілеген тірлігі бүгінгі күннің дәл суреттелген көрінісі. Авторлық мақсатты, суреткерлік мұратты күлкі арқылы, мысқыл арқылы орнықтыру — Рахымжан Отарбаевтың шеберлігін көрсетеді.

Қаламгердің қай кейіпкері болса да, мұндай өмірде жалғыз емес дегенді білдіретін ойды танытады, яғни дүниеқұмар әйел жалғыз Қашқария емес, тура сондай пиғылдағы Дүрия да бар. Сол сияқты, Дәурен жалғыз емес, қасында Айым бар. Қазақ халқын руға бөліп, бір-біріне қарсы қойған кеңестік саясаттың ащы сабағы жатыр. Ендігі жерде қарапайым ауыл баласы Дәурен мен қаланың қызы Айым екеуі бірге халық батырының басын ардақтауда ынтымақ көрсетеді. Халықтың бөлінбейтіндігі мен біртұтастығын аңсаған жастар Дәурен мен Айым арқылы елдің болашағын сомдайды. Автор ұстанымы осында. Кеңестік дәуірде жазылған шығармаларда көркемдік шешімнің жасалуының өзіндік ерекшелігі болды, яғни әлеуметтік тұрғыдан «бай» статусындағы кейіпкер оқиға соңында жеңіліске ұшырап, «аяғының аспаннан келуімен» аяқталса,

ал тәуелсіз мемлекет тұрғысында мызғымас бірлік, жастарға, олардың болашағына деген сенім орын алады.

Драматург өзі өмір сүрген уақыттың жан-жақты мәселелерін сынға алады. Рахымжан Отарбаев оларды күнде өз көзімен көріп жүргендіктен, еш қиындықсыз суреттеп берген. Бүгінгі заманның адамдарын сыртқы қалыпқа салмай-ақ, көркемдік бояу қоспай-ақ, буффоннадалық әсірелеусіз-ақ өмірдегідей шынайы етіп көрсете алуымен бағалы. Жасыратыны жоқ, қазақ жерінде көптеген қиындықтардың, әділетсіздіктердің орын алғанын көзімен көрген жазушылардың бәрі бірдей ащы шындықты қаймықпай жаза алмасы анық. Әлі де көп жайттың беті жабулы күйінде келеді. Ал, Рахымжан шығармаларының ішінде шындықтың, өткірліктің табы барына куә боласың. Бүгінгі заман күйін шертетін бұл туындысында мансапқорлық, тұрлаусыздық, сыбайластық секілді қоғам ауруы мен сырқатын бүкпесіз көрсетті. Қаламгер қабырғасына батып жүрген түйткілдерге жауап іздеді.

Міне, жылы кеңсе, жұмсақ креслоға жайғасып алған бастықсымақтардың сыйқы осы. Дәрежесі сәл жоғарыласа, жат түгілі жақынын да ұмытып кететін мұндай пенделермен жиі бетпе-бет келіп жататынымыз бар. Басшы ретінде өзінің көрегендігі, өй-өрісі өзгеден оқшауланып, дараланып тұрған жандардың қатары тым сиреп бара жатқанын несіне ішімізге сақтай береміз. Бұл үшеуі тағы да осылай дауға түседі. Түспегенде қайтсын, тапқан адамға беретін миллион доллардың буы тыныш жатқыза ма? Осы тұста сыбайластықтың құлы, паракорлықтың тұтқыны болып жүрген өз-әзілдердің бықсық тірліктері де қылаң береді.

Мұнда басты қаһарман жоқ, қаһарман Махамбеттің басы. Сол себепті, әлқиссасынан аяғына дейін «басты» сөз етері түсінікті, десе де бұл жерде сөз қуалау, ой қайталау жоқ. Керісінше, қоғамда болып жатқан

түрлі құбылыстардың терең астарына үңіліп, қайшылық өзегін ашудан драматургтың шеберлігінің барын байқайсың. Сыртыңнан былай тұрсын, тура көз алдында сатып кете баратын қорқынышты типтер пайда болды. Осы тұрғыдан алғанда Рахымжан Отарбаев қазіргі күннің түйіткілдерінің ішкі қайшылықтарын тура сол қалпында қауымға тез жету үшін қызмет етті. «Миллион адам сыйған Алматыға Махамбеттің бір басы сыймады ма?» деген сөзді кейіпкерінің аузына салу арқылы, автор шығарманың бүкіл қуатын одан ары арттыра түседі. Реалистік шеберлікпен барынша өткір бейнелеген осы шығарманы оқыған сайын автордың батылы жетіп қалай жазды екен деп таңқаласың. Өйткені, заман проблемаларынан жалтара қашып, жасқаншақтайтын жасық мінезден арыла алмай жүргеніміз жасырын емес.

## Нәтижелер

Мақалада постотаршылдық халық ретіндегі қазақ тарихына деген, оның жүріп өткен жолы туралы драматургтың өзіндік көзқарасы мен идеясы бар екендігі сараланды. «Бас» драмасы мен романын салыстырмалы талдау ғалымдардың еңбектерінен мысал келтіре отырып жүргізілді. Кейіпкер болмысын танытудағы психологиялық тереңдік, көркем шығармадағы баяндаудың жолдары, суреттеудің жүйесі, көркем мәтіннің семантикалық, стилистикалық құрылымы жайындағы ізденістер — қазіргі қазақ драматургиясының жанрлық сипатын айқындайтындығы бағаланды. Қазақ әдебиетіндегі драматургия жанрының даму тенденциясы, поэтикалық ерекшелігі, көркемдік шындық мәселесі көтерілді. Мақсатқа сәйкес, пьесадағы заман бейнесі мысалдар арқылы дәлелденді. Сонымен қатар, «Бас» драмасының тарихи-әлеуметтік жанры талқыланып, тартыстық болмысы сараланды.

Нәтижесінде, пьесаның «Бас» деп аталуының өзі оқырман назарын өзіне аударып алатындығы, қаламгердің суреткерлік шеберлігі ретінде мифтік-этнографиялық детальдерді сөйлете білу қабілеті дәлелденіп шықты. Ұлттық дүниетаным мен төл философияның ұшқыр білгірі бола білген Рахымжан Отарбаевтың өткен мен бүгінгі күннің байланысын тылсым байланыс арқылы жеткізе алуы бүгінгі қоғамның келбетін көрсетуге мол мүмкіндік береді. Осылайша, оның драматургиясында заман бейнесі ашық суреттеліп, ұлттық құндылықтар мәселесі басты орында тұратыны анықталды.

## Негізгі тұжырымдар

Рахымжан Отарбаевтың «Бас» драмасы тұлғатануға қосылған ерекше туынды екені сарапталып, постотаршыл елдер драматургиясындағы тарихи тақырыпты көтерудің жаңа моделі екендігі жазылды;

Драматург шығармашылығындағы ізденістердің жаңашылдық деңгейі анықталып, постотаршылдық теория тұрғысынан қарастырғанда тарихи кейіпкер жасаудың жаңа тәсілі екендігі баяндалды;

Драма авторының сюжет құру, кейіпкер сомдау, қайталанбас форма жасау шеберлік қырлары айтылды. Постотаршылдық заман бейнесін көрсетудегі әдіс-тәсілдері айтылды;

Драматургтің шығармашылық зертханасын айқындап, қазақ театрына қосқан үлесін салмақтап, оның көркемдік-эстетикалық ізденісі, ұстанымдары жазылды;

Зерттеуде ғылыми жұмыста орын алар методологиялық әдістер мен тәсілдер негіз болды. Атап айтқанда, мұражайдағы дерек көздері мен драматург жайында айтылған естеліктерді жинақтау, жүйелеу, талдау, тұжырым жасау әдістері қолданылды.

## Қорытынды

Жоғарыда айтып өткендей, пьесаның әр бөлігі қалың ойды салмақтап тұр. «Махамбет ақынның айтылмай қалған соңғы сөзі қандай болды екен?» деген ой келеді. Адам өмірінде қуаныш пен өкініш қатар жүреді. Ал, «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім» немесе «Арғымаққа айдай таға қақтырса, кілегей қатқан Еділдің, көкше мұзынан таяр ма?» деп жырлаған ер Махамбеттің ішінде арман боп кетпеді деп ойлайсыз ба? Рахымжан қаламы соны меңзеп отыр. Оның үстіне Рахымжан Отарбаевтың бұл туындысы өткен тарихымызда кеткен күрделі мәселелердің өзекті тұстарын еске түсіруге қызмет етті.

Жалпы психологиялық әдістерді, фольклорлық және фантастикалық элементтерді, басқа да толып жатқан шартты амалдарды әр жазушы-драматург

өз ыңғайына қарай қолданады. Соған қарай әр қаламгер өзінің өмірлік көзқарасымен, стилімен жаңалық алып келе алады. Жазушы проза болсын, драма болсын, барлық шығармаларының бойында бұрынғы қанатты оралымдарды, көнерген сөздерді, өткір тіркестерді орайлы пайдаланған. Тілдің сөздік қорында сақталғанымен, қарым-қатынаста жиі қолдана бермейтін көне сөздерді де кездестіреміз. Рахымжан Отарбаев айшықты сөздерді бағзы күйінде ала салмай, оларды өз мақсаттарына орай жаңғыртып шығара алғандығымен ерекшеленеді. Тарихтағы табандылық пен тамырдағы тектілікті ұштастыра отырып, тұлға мен тобыр тартысқан мына заманда замана шындығын бүкпесіз суреттеген драматургтің «Бас» туындысындағы айтар толғанысы қырақты оқырман қауымына ой салары сөзсіз.

**Авторлардың үлесі:**

**Кадыралиева Айзат** – зерттеу жүргізу; архивпен жұмыс істеу; теориялық талдау; жұмысты құрастыру.

**Жақсылықова Меруерт** – әдебиеттерді және дерек көздерін жинақтау, мәтінді редакциялау; мақала мәтінін жариялауға дайындау.

**Authors contribution:**

**Kadyralyeva Aizat** – research; implanted drafting of the work; critical and theoretical analysis; revision of the text; conceptualization of findings.

**Zhaxylykova Meruyert** – collecting of literature and data; work with data and literature; revision of the text; preparation of the article for publication.

**Вклад авторов:**

**Кадыралиева Айзат** – проведение исследования; составление работы; сбор данных и поиск литературы; критический и теоретический анализ; концептуализация результатов.

**Жақсылықова Меруерт** – работа с источниками и литературой; редакция текста; подготовка и доработка исследовательской части текста; подготовка статьи для публикации.

## Дереккөздер тізімі

Әлмұхан, Риза. «Бас» және намыс. *Abai.kz*. [www://abai.kz/post/122682](http://www://abai.kz/post/122682). Қарастырылған уақыты 21 қазан 2020.

Boldykov Zhandos, et al. «Transformation of ritual and folklore traditions in acting art». *Opción*, vol. 35, no.21, 2019. [www.produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24713/513-530](http://www.produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24713/513-530). Қарастырылған уақыты 13 тамыз 2019.

Қабдолов, Зейнолла. *Сөз өнері*. Алматы, Санат, 2002.

Қабылқак, Анар. *Рахымжанның көз жасы*. Астана, Фолиант, 2019.

«Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991-2016 жж.)». *Бірінші тарау. Қаһармандық драма. Ұжымдық монография*. Алматы, Brand book, 2020. 12–98 б.

Құндақбайұлы, Бағыбек. *Заман және театр өнері*. Алматы, Өнер, 2001. 25–26 б.

Мусабекова, Сауле, және б. «Көркем шығарма құрылымындағы түс көру мистикалық мотив ретінде». *Хабаршы*, №3, 2022, бб. 163–174 б. DOI: 10.55808/1999-4214.2022-3.16

Отарбаев, Рахымжан. *Айна-ғұмыр. Пьесалар*. Астана, Фолиант, 2013.

Ордалиев, Сейділда. *Қазақ драматургиясының очеркі*. Алма-ата, Ғылым, 1964.

Оразбаев, Иран-Ғайып. *Хайуандық комедия. Пьесалар жинағы*. Алматы, Ан Арыс, 2014.

Пави, Патрис. *Словарь театра*. Москва, Прогресс, 1991, 187 б.

Рахметұлы, Сұраған. «Бас» романының басты мазмұндарына шолу». *Әдебиет порталы*, 26 қазан 2015. [www.adebiportal.kz/kz/news/view/suragan-rahmetuly-bas-romanyunyn-basty-mazmundaryna-solu](http://www.adebiportal.kz/kz/news/view/suragan-rahmetuly-bas-romanyunyn-basty-mazmundaryna-solu). Қарастырылған уақыты 26 қазан 2015.

Сығай, Әшірбек. *Театр тағлымы*. Алматы, Парасат, 2003.

## References

- Almukhan, Riza. «Bas» zhane namys. [Head and honor]. *Abai.kz*. [www://abai.kz/post/122682](http://abai.kz/post/122682). Assessed 21 October 2020. (In Kazakh)
- Boldykov Zhandos, Zhaxylykova Meruert, Khalykov Kabyly, Sabirova Alyia. «Transformation of ritual and folklore traditions in acting art». *Opcion*, vol. 35, no.21, 2019, [www.produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24713/513-530](http://www.produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24713/513-530). Assessed 13 Augustus 2019.
- Qabdolov, Zeynolla. *Soz oneri. [The art of the word]*. Almaty, Sanat, 2002. (In Kazakh)
- Qabylyaq, Anar. *Rakhymzhannyn koz zhasy. [Tears of Rakhimzhan]*. Astana, Foliant, 2019. (In Kazakh)
- «Qazirgi qazaq dramaturgiyasyn dagy innovatsiyalyq izdenister (1991-2016 zhzh.)». *Birinshi tarau. Qaharmandyq drama. [Innovative searches in modern Kazakh dramaturgy (1991-2016)]*. Collective monograph. Almaty: Brand book, 2020. p.12-98. (In Kazakh)
- Qundaqbayuly, Bagybek. Zaman zhane teatr oneri [Time and theater art.]. Almaty, Oner, 2001. 25-26 b. (In Kazakh)
- Musabekova, Saule, et al. Korkem shygarma qurylymyndag y tys koru mistikalyq motiv retinde. [Dreaming as a mystical motif in the structure of a work of art]. *Herald*, №3, 2022. pp. 163-174 b. DOI: 10.55808/1999-4214.2022-3.16 (In Kazakh)
- Otarbayev, Rakhymzhan. Ayna-gumyr. *Pyesalar. [A mirror is life. Plays]*. Astana, Foliant, 2013. (In Kazakh)
- Ordaliyev, Seydilda. *Qazaq dramaturgiyasynyn ocherki. [Essay on Kazakh drama]*. Alma-ata, Gylm, 1964. (In Kazakh)
- Orazbayev, Iran-Gayyp. Khayuarydyq komediya. *Pyesalar zhinagy. [Animal comedy. A collection of plays]*. Almaty, An Arys, 2014. (In Kazakh)
- Pavi, Patris. *Slovar teatra. [Dictionary of the Theater]*. Moskva, Progress, 1991, 187 b. (In Russian)
- Rakhmetuly, Suragan. «Bas» romanynyn basty mazmundaryna sholu». [An overview of the main contents of the novel «Bas»]. *Adebiyet portaly [Literature portal]*. Accessed 26 qazan 2015. [www.adebiportal.kz/kz/news/view/suragan-raxmetuly-bas-romanynyn-basty-mazmundaryna-solu](http://www.adebiportal.kz/kz/news/view/suragan-raxmetuly-bas-romanynyn-basty-mazmundaryna-solu). (In Kazakh)
- Sygay, Ashirbek. *Teatr taglymy [Theater education]*. Almaty, Parasat, 2003. (In Kazakh)



**Кадыралиева Айзат, Жаксылыкова Меруерт**

Казахский национальный университет искусств

(Астана, Казахстан).

Казахская национальная академия искусств им. Темирбека Жургенова

(Алматы, Казахстан)

**НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ И ОБРАЗ ЭПОХИ В ДРАМЕ «БАС» РАХЫМЖАНА ОТАРБАЕВА**

**Аннотация:** Национальная драматургия – ключевой жанр казахской литературы, который в настоящее время развивается новыми темпами. В начале XXI века известный писатель Рахымжан Отарбаев, плодотворно работавший в области литературы и искусства, внес особый вклад в развитие не только национальной драматургии, но и театрального искусства. Главным достоинством драматургии Отарбаева, демонстрирующим её своеобразие, является актуальность затронутых тем. В своих драмах он раскрывал социально-духовные вопросы и освещал общественные проблемы. Поэтому его драматургические произведения часто входят в репертуар ведущих театров страны. В научной статье была проанализирована пьеса драматурга «Бас» с искусствоведческо-театроведческой точки зрения. Всесторонне рассмотрены тематическая направленность драмы «Бас», идейно-художественные особенности, жанровый характер, цепь событий и природа конфликтов, психологическая глубина взаимоотношений героев и другие аспекты. Проанализировано художественное мастерство драматурга, который продемонстрировал тонкую связь между прошлым и настоящим. На основе изучения данной пьесы раскрываются характерные для его драматургии поэтика, глубина познания и созидательный подтекст художественного мира. В ходе исследования творчества писателя определена ценность его вклада в развитие драматургического искусства и его место и роль в казахской культуре. Формируется понимание индивидуального характера космического явления казахской культуры в развитии драматургии и поэтики в постколониальных странах. В научной статье с помощью методов художественно-театрального исследования проанализирована пьеса драматурга «Бас».

**Ключевые слова:** Рахымжана Отарбаева, драматургия, жанр драмы, персонажи, тема и идея, сюжет, конфликт, художественная подпись.

**Для цитирования:** Кадыралиева, Айзат и Меруерт Жаксылыкова. «Национальные ценности и образ эпохи в драме «Бас» Рахымжана Отарбаева». *Central Asian Journal of Art Studies*, т.9, №2, 2024, с. 156–174, DOI: 10.47940/cajas.v9i2.882

*Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.*

**Kadyralyeva Aizat, Zhaxylykova Meruyert**

Kazakh National University of Arts, Master of Art History

(Astana, Kazakhstan)

Kazakh National Academy of Arts named after Temirbek Zhurgenov

(Almaty, Kazakhstan)

**NATIONAL VALUES AND IMAGE OF THE ERA IN THE DRAMA “BAS” BY RAKHYMZHAN OTARBAYEV**

**Abstract:** National dramaturgy, a key branch of Kazakh literature, is currently developing at a new pace. Dramaturgy of the 21st century is distinguished by its originality, which is based on the preserved previous artistic heritage. The dramaturgy of the 21st century draws heavily from the legacy of artistic creativity that came before it, and is distinguished by its desire to innovate in accordance with the needs of the times. In the first decade of the 21st century, the renowned writer Rakhimzhan Otarbayev, who worked productively in the field of literature and art, made a significant contribution not only to the development of national dramaturgy but also to theater art. The main advantage of Otarbayev’s dramaturgy, which shows its originality, is that he bravely addressed topics that had not been discussed much before. In his dramas, he comprehensively explored moral issues and social problems. Therefore, his historical and social dramatic works are often found in the repertoire of national theaters. The purpose of writing the article was to determine the thematic scope, ideological-artistic features, genre character, nature of the events, conflict, and psychological depth of the mutual relations of the characters in the drama “Bas”. The main tasks are to distinguish the artistic skill of the dramatist, who was able to show the delicate connection between the past history and the present. Additionally, the study of this play was conducted on the basis of the post-colonial theory. The poetics, knowledge, and the creative background of the artistic world characteristic of this drama were considered. Furthermore, he tasks included analyzing the writer’s dramaturgical methods and evaluating his place and role in the development of the art of drama. As a result of the study, the value status of the writer’s work, including dramatic works, was determined. Based on the author’s phenomenon in the space of Kazakh culture, and his individual character, it is intended to form an understanding of the development of dramaturgy and its poetics in modern post-colonial countries. In this scientific article, the dramatist’s play “Bas” was analyzed using methods of art and theatrical research.

**Keywords:** Rakhimzhan Otarbaev, dramaturgy, drama genre, characters, theme and idea, story, conflict, artistic signature.

**Cite:** Kadyralyeva, Aizat, and Meruyert Zhaxylykova. “National values and image of the era in the drama “Bas” by Rakhimzhan Otarbayev” *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 9, no. 2, 2024, pp. 156–174, DOI: 10.47940/cajas.v9i2.882

*The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.*

**Авторлар туралы мәлімет:****Сведения об авторах:****Information about the authors:**

**Қадыралиева Айзат** — Қазақ ұлттық өнер университетінің «Өнертану» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану магистрі (Астана, Қазақстан)

**Қадыралиева Айзат** — Старший преподаватель кафедры «Искусствоведение» Казахского национального университета искусств, магистр искусствоведения (Астана, Казахстан).

**Kadyrallyeva Aizat** — Senior Lecturer at the Department of Art History, Kazakh National University of Arts, Master of Art History (Astana, Kazakhstan)

ORCID: 0009-0008-9961-5289  
E-mail: k.aizat8@mail.ru

**Жақсылықова Меруерт** — Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры, өнертану кандидаты (Алматы, Қазақстан)

**Жақсылықова Меруерт** — профессор кафедры «История и теория театрального искусства» Казахской национальной академии искусств им. Темирбека Жүргенова, кандидат искусствоведения (Алматы, Казахстан)

**Zhaxylykova Meruyert** — Professor, candidate of Art History of the Department of «History and Theory of Theater Art», Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

ORCID: 0000-0001-6462-2616  
E-mail: topjargan@mail.ru